

Мерекелік іс-шаралары

«Балапан тобы»

Тақырыбы: «Тіл тірегіміз соғып тұрған жүрегіміз!»

Мақсаты: балалардың өз балабақшасы туралы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып тілін дамыту, әңгімелесу, тақпақтар айту арқылы ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Қолданылатын көрнекіліктер: суреттер, көрнекіліктер, ойыншықтар музыка

Әдістемелік әдістер: түсіндіру, көрсету, сұрақ - жауап

Тәрбиеші сөзі: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар және балалар! Біздің тобымыздың «Тіл тірегіміз соғып тұрған жүрегіміз!» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер! Бүгін біз Қазақстанымыздың тіл мерекесін тойлағалы отырмыз. Бәрімізге мейрам құтты болсын! Ендеше бүгінгі мерекені бастау үшін «Балапан» тобының кішкене бүлдіршіндерін ортаға шақырайық.

Балалар ән ырғағымен залға кіреді.

Балалар, бүгін бізге көптеген қонақтар келіп отыр, олармен сәлемдесіп алайықшы.

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды күніміз,

Жарқырайды бақшамыз.

Қайырлы таң, қонақтар,

Қайырлы таң, достарым!

Балалар, сендер білесіңдер ме біз қандай мемлекетте тұрамыз?

Біз қандай ұлтқа жатамыз?

Біздің елбасымыз кім екен кім айтат білесіңдер ме?

Біз қай тілде сөйлейміз?

Біздің Қазақстанда тұратын қандай ұлттарды білеміз?

Балалар, бүгін біз тіл мерекесін тойлағалы жатырмыз солай ма, ендеше тіл бізге не үшін керек?

Сөйлеу үшін, қарым - қатынас жасау үшін, бір - бірімізбен сөйлесу үшін керек екен. Бүгінгі мерекеге басқада ұлт өкілдері келу керек еді олар неге кешігіп жатыр екен?

Кенет ұшақтың дыбысы естіледі.

Музыка әуенімен өзге ұлт өкілдері кіреді.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме, қонақтар! Сіздер неге кешігіп келе жатырсыздар?

Қонақтар: Сәлеметсіздер ме, ренжімеңіздер біз Қазақстанның әсем қалаларын аралап келе жатырмыз.

Тәрбиеші: Қанеки келген қонақтардан қай ұлттың өкілдері екен өздеріннен сұрап көрейікші.

Орыс ұлт өкілі: біз орыс еліннен келдік.

Ұйғыр: ал біз ұйғырмыз.

Қазақ: ал біз қазақ қыздарымыз, сендердің бауырларыңыз.

Тәрбиеші: Қане ендеше келген қонақтарды да бүгінгі мерекені бізбен бірге тойлау үшін ортамызға отырғызайық.

Тәрбиеші: балалар. мына суретке назар аударайықшы.

Суретпен жұмыс.

Билингвалды компонент: Елтаңба - Герб, Отан - Родина, тіл - язык,

Тәрбиеші: Бізге келген қонақтар біздің елдің рәміздерімен, қалаларымен танысты енді олармен бірге Әнұранымызды орындайық!

«Әнұран» орындалады.

Тәрбиеші: Балалар, бізге келген қонақтар біздің тіл мерекемізді тойлап жатқанымызды білу үшін оларға әдемі жыр шумақтарымызды айтып береміз бе?

Медина:

Тілім барда мақтанам
Тілім менің аппақ ән
Бірлігімді бүгінгі
Ана тілім сақтаған

Милана

Ана тілім - менің
Әлдилеген әнім
Ана тілім - демім
Ана тілім - жаным.

Нұрым:

Ана тілің арың бұл
Ұятың боп тұр бетте
Өзге тілдің бәрін біл
Өз тіліңді құрметте!

Асылым:

Бейбітшілік ұраны
Жарқыраған алтын күн
Ән қанаты қыраны
Еркіндігі халқымның.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, ал енді бізге келген қонақтар да мерекеге арнап қандай сый әкелді екен?

Ұлт өкілдері сөйлейді: Бізде мерекеге бос келген жоқпыз. Өз ұлттарымыздың биін ала келдік және жыр шумақтарымызда бар.

Ұлан:

Достық шырағымыз
Достық ұранымыз
Достық туымыз
Достық әніміз

Айнамкөз:

Ана тілім елдігім
Ана тілім ерлігім
Тілді бүгін құрметпен
Тойлап жатыр ел бүгін

Айым:

Сүйесің өз тіліңді
Боласың білімді
Өз тілің үйретер
Өнерді ғылымды
Ардақты тіліңді

Алинур:

Ана тілім тірегім

Ана тілім жүрегім
Қасиетті елімнің
Теңі өзің деп білемін

Аяжан:

Жаныма қымбат
Ана тілім маған
Ана сөзден тыңдап
Үлгі өнеге алам

Ал енді, биімізді де тамашалаңыздар?

Би: «грузин биі», «ұйғыр биі»

Тәрбиеші: Міне керемет, ендеше бізде қалыспай өзіміздің ұлттық ойынымыз «Арқан тарту»
ойынын ойнайық.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, сендерге ойын ұнады ма?

Құрметті қонақтар, сіздерді тағыда тіл мерекесімен құттықтай отырып ертеңгілігімізді
«Дос болайық бәріміз» әнімен қорытындылаймыз!

Сау саламатта болыңыздар!

Тақырыбы: *«Менің Отаным – Қазақстан!»*

Мереке: 25 қазан – Республика күні

Мақсаты

1. Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық сезімін тәрбиелеу.
2. Қазақстан Республикасының рәміздері мен мерекелерін танып-білуге үйрету.
3. Ән айту, би билеу, көрініс ойнау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Залды безендіру

- Сахнаның ортасында «Қазақстан Республикасы – 25 қазан» жазуы.
- Қабырғаларға көк түс, күн, қыран бейнелері, ұлттық өрнектер.
- Балаларға жалауша, шар, көк лента.
- Шағын шаңырақ макеті немесе суреті.
- Ұлттық киім киген қуыршақтар немесе балалар.

Жүргізуші сөзі

Жүргізуші:

– Армысыздар, қадірлі қонақтар!

Бүгін біз барлығымыз үшін ерекше мереке – Республика күнін атап өтеміз.

Бұл күн – біздің Отанымыздың еркіндігін, тәуелсіздігін білдіретін күн.

1-бөлім: Әнұран

- Балалар қолдарын жүрек тұсына қойып тұрады.
- **Мемлекеттік Әнұран** орындалады (1 шумақ + қайырма).

2-бөлім: Өлеңдер

Балалар кезекпен сахнаға шығып, жаттаған шумақтарын айтады.

1-бала:

«Көк байрағым көгімде,
Қыран құстай желбіре.
Қазақстан – Отаным,
Жарқырай бер мәңгіге!»

2-бала:

«Кезім жоқ Отан десе шалқымаған
Болса екен жерім тыныш, халқым аман.
Туған жер тал бесігім әлдилеген
Отаным – нәрін берген алтын анам»

3-бала:

«Тілім – қазақ, қазынам,
Мақтан етіп айтамын.
Қазақстан – елімді,
Жүрегімде сақтаймын!»

4-бала:
«Республика – ұраным,
Әрқашан да жыр-әнім.
Мәңгі жасап болашақ,
Көкте шалқып қыраным!»

3-бөлім: Көрініс «Алтын шаңырақ»

- Шағын сахналық қойылым.
- Әке мен Ана (тәрбиеші немесе балалар) қолдарына шаңырақ ұстайды.

Әке:
– Балаларым, мына шаңырақ – біздің бірлігіміздің белгісі.

Ана:
– Бірлік болса – тірлік бар.

Балалар (бірге):
– Біз – Қазақстанның бақытты ұрпағымыз!

4-бөлім: Ойын «Рәміздерді тап»

Жүргізуші сұрақ қояды, балалар жауап береді:

- «Көк түсті, күн мен қыран бейнеленген – не?» → **Ту**
- «Шаңырақ бейнесі бар – не?» → **Елтаңба**
- «Мемлекеттік тіліміз?» → **Қазақ тілі**
- «Астанамыз қалай аталады?» → **Астана**

5-бөлім: Би

- Балалар «Қара жорға» биінің жеңілдетілген қимылдарын орындайды.

6-бөлім: Шығармашылық тапсырма

Балалар топқа бөлініп, **Елтаңба құрастырады** (қағаздан қиылған бөліктерден).
Әр топ шағын уақыт ішінде суретті жинап, сахнаға көрсетеді.

7-бөлім: Ән

Балалар бірге шырқайды: «*Елім менің*» (балаларға жеңілдетілген нұсқа).

Қорытынды

Жүргізуші:
– Бүгін біз Республика күнін атап өттік. Бұл мереке – тәуелсіз еліміздің нышаны.
Балалар, Қазақстан әрқашан бейбіт, бақытты, берекелі ел болып, көк байрағымыз биік желбірей берсін!

Балалар қолдарын жоғары көтеріп, хормен айтады:
«Қазақстан жасасын!»

Қажетті заттар тізімі

- Жалаушалар, көк ленталар
- Ту макеті
- Шаңырақ макеті
- Елтаңба бөлшектері (құрастыру ойынына)
- Музыкалық фон (Әнұран, би, әндер)

1 наурыз алғыс айту күніне арналған тәрбие сағаты.

Тақырыбы: «Алғыс айту күнімен»

Мақсаты: балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту

Міндеттері: - ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру;

- үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту;

- әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: оқулық, дәптер, сандықша

Шаттық шеңбері

Ризамын мен бүгінге,

Ризамын мен бүгінге,

Ризамын мен бүгінге,

Ризамын мен қазірге!

Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге,

Ризамын, ризамын, ризамын қазірге.

Балалар тізбектеліп, бір - бірлеріне тілек білдіріп шығады.

Әңгімелесу

- Балалар, сендер кімдерді жақсы көресіңдер?

- Оларды неліктен жақсы көресіңдер?

- Ал өздеріңді кімдер жақсы көреді? Қалай жақсы көреді?

Ризашылық дегеніміз не?

Алғыс дегенді қалай түсінесіңдер?

- Адам өзінің ризашылығын, алғысын қандай сөздермен білдіреді?

- Сендерге кім қандай жағдайда алғыс айтты?

- Өздерің қандай жағдайда алғыс айтып көрдіңдер?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Сонымен, рақметке лайықты кімдер? Тізімді бірге құрайық! Бастысы алғыс айта білу...

Анаға – өмір сыйлағаны үшін,

Әкеге – қорған болғаны үшін,

Далаға – гүлдері мен көк шалғыны үшін,

Сөзге – жанды жылытатыны үшін,

Күнге – шуағы мен назары үшін,

Жұлдызға – қараңғы түндегі жарығы үшін,

Досқа – құшағы мен иығы үшін,

Әжеге – ыстық алақаны үшін,

Суға – тіршілік көзі болғаны үшін,

Жерге – махаббаты мен бар болғаны үшін,

Отқа – жылулығы үшін...

Ризашылық - адамның басқа адамнан көрген жақсылығы, көмегі, көңілі үшін қанағаттанушылық және алғыс білдірушілік сезімі.

Алғыс – адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай - ақ оның ойы мен іс - әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беруі.

Әңгімелеу

"Алғыс" М. Төрежанов

Педагог балаларға өзін жақсы көретін жақын адамдардың қаншалықты қымбат екендерін сезінтіп, қадірін ұғындыра түсу мақсатында балаларға төмендегідей мәтіндерді қосымша оқып береді.

"Мақұлжан" Т. Жарқынбекова

- Төлеуді қандай бала деп айта аламыз?

Дәйексөз

"Адам өз ісіне қанағаттанып, сүйсінген кезде ризашылық сезімге бөленеді.

Өзіне жасалған жақсылыққа ризашылық білдіруді алғыс дейміз"

Педагог балаларға "Алғыспен ел көгерер" деген халық мақалын бүгінгі оқу іс - әрекеттің дәйексөзі ретінде түсіндіреді. Үлкендердің айтқан тілін алу, сыйластыққа әкеледі. Сендердің көрсеткен көмектеріңе үлкен кісілер алғыс айтады, ризашылығын білдіреді."Алғыспенен ел көгерер" деген сөз осыдан шыққан.

Сергіту сәті

Ойын:"Сымсыз телефон"

Тыныштық сәті

- Балалар, денелеріңді түзу ұстап, бастарыңды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырыңдар.

Көздеріңді жұмсаңдар да болады. Ауаны терең жұтып, еркін тыныс алыңдар. Өздеріңнің тыныс алуларыңды бақылап, бақытқа, махаббат пен тыныштыққа толы таза, шипалы ауаның тұла бойларыңа толғанын сезініңдер. Ал енді, көздеріңді ашсаңдар да болады.

Ғажайып сөздер

Жақсылық жасау. Алғыс айту. Ризашылық білдіру. Рақмет.

Қорытындылау

- Балалар, жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдеріңді ешкімнен ешқашан аямаңыздар. «Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңдар. Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын есте сақтаңдар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніңдер және Табиғат – Анаға мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін, жұмсақ ақ ұлпа бұлты үшін, жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпаңдар.

Бүгінгі оқу іс - әрекеті сендерге ұнады ма?



Тақырыбы: «Аяулы анашым» ертеңгілік.

Тәрбиеші: Аналардың әр бір сөзі, ой талабы

Жүректің тереңінде сақталады.

Өсіңдер елін сүйген ұландар боп,

Ардақты ана еңбегі ақталады.

- Құрметті әжелер, аналар! Сіздерді наурыз айында келген 8 - наурыз мерекесімен
құттықтаймыз.

Ән: Б.Қыдырбекова «Мерекеңмен, анашым!» хор

Балалардың құттықтау тақпақтары.

Нұрым: Біз доспыз гүлдермен

Текке оны жұлмаймыз

Той күні бір бірден

Аналарға сыйлаймыз.

Аяжан: Мені жақсы көреді,

Күндей күліп келеді.

Көп ертегі біледі,

Маған айтып береді.

Асылым: Ақ анашым, аппағым.

Өзін жайлы тақпағым.

Өзін жайлы әнім де,

Арнадым саған бәрінде.

Даниал: Әлпештеген аялаған

Ақ сүт берген апатайым.

Сәлем жазып бүгін саған

Мейрамын мен құттықтаймын

Бакдәулет: Жұмақ – құшақ панам,

Күндей нұрлы санаң!

Қызығын көр ұл – қыз,

Еңбек сүйгіш Анам!

Медина: Келді көктем күннің,

Күлімдейді гүлің –

Алтын ойлы Анам

Мерекеңіз бүгін!

Аңсағаным: Мейірімді сымбатты,

Қадірменді қымбатты,

Ең жақын жан балаға,

Кім десеңдер ол-АНА.

Нұрасыл: Әжелерді ардақтап,

Қуантатын келді күн,

Мейрамымен құттықтап,

Ән салайық біз бүгін.

Айлин: Ана біздің күніміз

Ананың біз гүліміз,

Анамыздан тарайды,

Біздің ана тіліміз.

Тәрбиеші: - Ал балалар!

Ойнайық та күлейік.

Көне енді бұрылып

Би билеуге тұрайық.

Би: «Қуыршақ»

Осы сәтте есік қағылып, көңілді әуенмен залға Карлсон жүгіріп келеді.

Карлсон: Достарға сәлем! Мені таныдыңдар ма? Мен Карлсонмын ғой! Ең ақылды, ең көңілді, ең тәртіпті адаммын. Мен сендердің әжелеріңді аналар мен қыздарды мерекемен құттықтау үшін әдейі ұшып келдім.

Тәрбиеші: Карлсон, бізге сыйлыққа не әкелдің?

Карлсон: (Ренжіп) - Мен гүл шоқтарын дайындап едім, Бірақ оларды ұшып келе жатып шашып алдым.

Тәрбиеші: Балалар Карлсонға гүлді жинап көмектесейік.

Ойын: «Гүл шоғын жинау»

(Балалардың көмегіне риза болған Карлсон билей жөнеледі.)

Тәрбиеші: Карлсон, сен қандай тәттіні жақсы көресің?

Карлсон: Үлкен торт, кәмпит және тосап.

Тәрбиеші: Жоқты айтпа! Бізде тосап жоқ. Ал кәмпитті мерекеден соң аласың. Сен тәттіні көп жегеннен тісің ауыратынын білмейді екенсің ғой? Біздің балалар оны жақсы біледі. Жалпы денсаулық жақсы болуы үшін денешынықтырумен шұғылданған жөн. Қазір біздің балаларымыз өздерінің қандай күшті екенін саған көрсетеді.

Ойын: «Доппен секіру»

(Карлсон балаларға алғысын айтып, ұша жөнеледі.)

Тәрбиеші: Ән: «Балқия» Орын: Бақдәулет, Нұрым, Даниал.

Тәрбиеші: Бүгін біздер құрметті де ардақты әжелерімізді ерекше атап

құттықтаймыз! «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» — деп халқымыз текке

айтпаған, балаларымыздың әжелеріне арналған тақпақтарына кезек берсек

Әдемі: Өзің мені өсірген

Айналайын ақ әжем

Тентек болсам кешірген

Ауырмашы ,ай әжем

Алияр: Әже деген көп шығар

Әжемдей менің жоқ шығар

Мейірімді бұл кісі
Қандай ғажап күлкісі
Нұрәділ. Немересін жанындай
Әжем жақсы көреді
Қонаққа барса ұмытпай
Кәмпіт әкеп береді
Сезім: Тірегі болып жанында
Бірге еріп жүремін
Жанашырым жанымда
Тек әжем деп білемін
Тасним: Ақ әжемді арқашан
Сыйлап жақсы көремін
Қуантайын деп оны
Өлең айтып беремін

Ойын: «Гүл сыйла»

Тәрбиеші: Осымен біздің мерекеміз аяқталды. Қымбатты да аяулы аналар! Мерекелеріңіз құтты болсын! Әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді, ең қамқор адам осы отырған сіздер. Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз шат болсын, әрқашан аман болайық! Сау болыңыздар!



Тақырыбы: «Ұлыстың ұлы күні құтты болсын»

Мақсаты:Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру;

Балаларды елін , Отанын сүюге, ұлттық салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу;

Имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.

Тәрбиеші: Жер әлемді жайнатқан

Наурыз тойын тойлатқан

Дәстүрімізге айналған Ұлыстың ұлы күні – құтты болсын ағайын!

Армысыздар мерекеге жиылған қауым! Бүгін бізде Балапан ауылында наурыз мерекесі, қош келдіңіздер! Наурыз «жаңа күн» деген сөз. Яғни, бұл күн біздің ата-бабаларымыз, арғы тегіміз, мыңдаған жылдардан бері мерекеленіп келе жатқан жыл басы мерекесі. Ұлыстың Ұлы күні аталған Наурызда еңбектеріңіз өнімді болып, тілектеріңіз қабыл болсын!

Ендеше, думанды мерекемізді балалардың орындауындағы «Наурыз келді» әнімен бастаймыз.

Тәрбиеші:Наурыз жырын жырлаймыз,

Осы менде тұрмаймыз.

Шыңдалып жеткен бұл күнге,

Ел дәстүрін сыйлаймыз.дей келе

Ендігі кезекті балалардың мерекеге арналған тақпақтарын қабыл алыңыздар.

1.Нұрым

Уа ағайын халайық,

Мұнда назар салайық

Меркесі халықтың.

Наурыз тойын бастайық

2.Бакдәулет.

Наурыз тойым, Наурыз тойым.

Құтты болсын халайық!

Қане достар, қане достар.

Шырқап әнге салайық.

3.Асылым

Наурыз келді еліме,

Наурыз келді жеріме.

Байлық, бақыт тілеймін

Бүкіл қазақ еліне.

4.Аңсағаным.

Наурыз келді алақай,

Кел билейік балақай

Бізде қарап тұрайық

Тойға шашу шашайық.

5. Ислам

Армысың Наурыз
Қуаныш боп, кір төрлет!
Ел болып саған,
Көрсетіп жатыр сый-құрмет!

Тәрбиеші: Наурыз мерекесінде балалар ұлттық тағамдар пісіріледі. Сіздер білесіздерме қандай тағамдар пісірілетінін?

Иә балалар наурыз мерекесінде той думан болып, дастарханымыз молшылыққа жайылады. Сонмен қатар балалар бізде түрлі салт-дәстүрлеріміз бар. Қандай салт дәстүрлеріміз бар атайықшы қанекей? Бесікке салу, ат қою, сүндеттеу, тұсау кесу, тіл ашар.

Айнұр әже; Армысыздар ағайын, Бұл балапан ауылыма? Үлкен кісіге сәлем беріп , наурызымен құттықтап кетейін деп келіп едім. Немерем бар еді Ұлыстың ұлы күнінде тұсау кесуіруге сізге алып келіп едім. Сіздің жолыңызды берсін деп.

Тәрбиеші: Сәлеметсіз бе?! Қош келдіңіз, төрлетіңіз! Балалар Айнұр әжемен амандасып, төрден орын берейік!

Айнагүл әже: Айнұр көрші қош келіпсің төрлетіңіз. Венера келінім тұсау кесу рәсіміне керек нәрселерді алып келе ғой.

Тәрбиеші: Тұсау кесу – қазақтың өмір сапарының сәтті болуы үшін ақ ниетпен жасаған ырымы. Баланың тұсауы ала жіппен кеседі. Ала жіп ақтық пен адалдыққа жол ашу мақсатында.

Егер алманы таңдаса, ол үнемі тоқ болады, егер кітап болса – ақылды және білімқұмар, ақша болса – бай, ал домбыра – шығармашылық адамы болады деп есептеген. Қазір Нұрәли баламыз қайсысын таңдайды екен бәріміз бірге көрейік балалар!

Айнагүл әже:Қаз-қаз, балам, қаз балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Күрмеуінді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.
Қаз-қаз, балам, қаз, балам.
Қадамыңды бас балам.

Тәрбиеші: Амантай ата Әмина қызымызға ақ батаңызды беріп жіберіңіз

Осы орайда ортаға әндегіп Алдар көсе кіріп келеді.

Алдар Көсе: Армысыздар ағайын?! Бұл Балапан ауылы ма?

Тәрбиеші: Сәлеметсіз бе Алдар көсе!?Қош келдіңіз. Иә дұрыс келдіңіз бұл балапан ауылы, Біздің ауылда Жаңа жыл «Наурыз» мерекесі тойланып жатыр. Төрлетіңіз дастарханға жайғасыңыз.

Алдар Көсе балаларға түрлі ойындар ойнатады.

Ойын: «Кім күшті?» қолмен күш сынасу.

Қыз қуу ойыны
Асық ату.
Арқан тарту.

Тәрбиеші: балалар бүгінгі мейрамға бізге бата беруге арнайы Қызыр атамыз да келіпті. Келіңіз, ата төрлетіңіз. Қызыр ата батасын береді.

Тәрбиеші: Наурыз құтты болсын!
Дендеріміз сау, мықты болсын!
Наурыз тойы келе берсін!
Барлық халық бақытты болсын,
Қош ,сау болыңыздар, халайық!
Көріскенші күн жарық болсын!

Барлықтарыңызды Наурыз дастарханына шақырамыз. Көжеден дәм татыңыздар.



Тақырыбы: «Аспан-әлеміне саяхат»

Мақсаты: Балаларға Ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту. Сыйластыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, зымыран суреті, үн таспа.

Жүру барысы: Шаттық шеңбер:

Сәлем саған жер анам,

Сәлем саған алтын күн.

Сәлеметсіздер ме апайлар,

Сіздерді көргеніме қуанам.

Тәрбиеші: Балалар кім айтады қазір жылдың қай мезгілі?

Ал көктемнің қай айы?

Сәуір айында қандай мерекелер бар?

Бүгін балалар ғарышкерлердің мерекесі, он екінші сәуір ғарышкерлер күні. Бүкіл халық бүгін мерекені тойлап жатыр. Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп тұр.

Жерде болса тұрағым,

Марсқа ұшып тұрамын.

\\ғарышкер\\

Олай болса балалар ғарышқа ұшатын адамды кім дейміз?

Балалар ғарышқа не үшін ұшады?

Иә, аспан әлемін, планетаны, жұлдыздарды зерттеу үшін ұшады.

Слайд: аспан әлемі

Ең бірінші болып ғарышқа кім ұшты:

Юри Гагарин (слайд)

Ал қазақ жерлерінен кімдер ұшты?

Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев (слайд).

Ал балалар ғарышқа не арқылы ұшады?

Зымыран қалай ұшады? (слайд)

Балалар сендер қалай ойлайсындар ғарышкер ғарышта жүргенде зымыран ішінен шығады ма?

Иә шығады, өйткені олар жұмыстарын жасайды, зерттейді, әр түрлі планетаны зерттеп ашық аспанда жүреді.

Слайд ғарыштағы сурет.

Бірақ балалар аспанда ауа жоқ, өте ыстық, ал ғарышкерлерге скафандр деген киім көмектеседі, арнайы ауасы бар, ыстықтан қорғайтын киім.

Балалар ғарышкерлер ғарышта ұзақ жүреді, ал олар қалай тамақтанады, не жейді, от жағып пісіре ме?

Жоқ оларға әдейі арналған зымыранмен тамақ әкелінеді, тамақ оларға жабық түрде, езілген түрде, тіс пастасының қорабы сияқты қорапта беріледі, шай, суда солай әкелінеді, соны сығып жейді. Балалар сендер ғарышкер болғыларың келеме?

Білесіңдер ме ғарышкер болу үшін ең алдымен шынығу керек дейді, енді бәріміз орнымыздан тұрып жаттығу жасап алайық.

Әуен арқылы жаттығу жасату.

Ал, екіншіден өте білімді болу керек екен, мен сендердің білімдерінді тексеремін, ол үшін мынадай ойын ойнаймыз.

Ойын: «Зымыранды құрастыр»

Мына жерде бөліктер бар оны құрастырып шығару керек.

Мінекей зымыран құрастырдық, зымыран дайын, денеміз шынықты, білімімізді тексердік, ал енді ғарышқа ұшамыз, дайынбыз ба?

Ендеше скафандрды үстімізге киейік, зымыранға отырайық (қолмен қозғалыс көрсетеді), балалар жоғарыға ұшу үшін сиқырлы сөз айту керек көзді жұмып.

Бір, екі, үш

Ғарышқа тез ұш.

Слайд аспан әлемі.

Көзімізді ашайық, мінекей балалар біз аспандамыз, енді ән шырқайық.

Ән: «Мен ғарышкер боламын»

Балалар қарандаршы жұлдыздар қандай көп, әр түрлі планеталар бар, білесіңдер ме аспаннан жерге қарағанда жеріміз доп сияқты дөңгелек, біз сол дөңгелек жерде тұрамыз.

Енді балалар жерге оралайық, ол үшін сиқырлы сөзімізді айтып, көзді жұму керек.

Міне біз жердеміз, осылай ғарышқа ұшады екен.

Қорытынды:

Балалар сонда ғарышқа қай күні ұшқан?

Кімдер ұшты?

Балаларымыздың ғарышкер ағаларына арналған тақпақтары бар.

Тақпақтар

Балалар сендерге көп рахмет, бүгінгі сабағымыз аяқталды барлығыңда өте жақсы қатыстыңдар, енді апайларға сау бол айтайық.



Тәрбиеші: Балалар! Бүгінгі күн ерекше, өйткені бүгін 1 мамыр — Ынтымақ, Бейбітшілік, Бірлік күні. Қазақстанда жыл сайын тойланатын мереке. «Бірлік-бақыттың бастауы» дейді дана халқымыз. Еліміз өркен жайып, әрбір шаңырақ шаттық пен қуанышқа кенелсін. Олай болса мерекемізді әнұранымызбен бастайық.

Әнұран.

— Балалар біз қай мемлекетте тұрамыз?

— Қазақстан.

— Балалар біздің ұлттымыз қандай?

— Қазақ.

— Біздің елбасымыз кім?

— Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

— Ал, біздің президентіміз кім?

— Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

— Біздің елімізді қандай өзге ұлттар бар?

— Орыс, татар, өзбек, кәріс, қырғыз, үнді және де т.б.

— Дұрыс айтасындар. Біздің ел – көп ұлтты мемлекет. Қазақстанда басқада ұлттар тұрады: өзбек, орыс, қырғыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады. Олар бір — бірімен тату, дос бауырлардай өмір сүріп жатыр. Қазақстанды олар өз жерім, өз елім деп мақтан тұтады. Ынтымақта, бірлікте өмір сүріп жатыр. Қазақстан түрлі ұлттардың басын қосқан ұлы мекен. Олардың салт-дәстүрлері, тілі мен мәдениеті жоғалмас үшін қолайлы жағдай жасалған. Елімізде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдері өздерінің салт — дәстүрлерін, ән — жырларын көрсетеді. Президентіміз, елімізді бірлікке, ынтымаққа, бейбітшілікке, татулыққа өмір сүруге шақырады. Сондықтан біз елімізді «Ынтымағы жарасқан ел»деп айтсақ артық айтқандық емес. Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт – дәстүріміз бар. Ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз дамып келеді. Еліміз өркейіп, әр шаңырақ шаттық пен қуанышқа толы.

Тәрбиеші: Биші десе билейді

Аяқтары бір жерге тимейді.

Ортада шаттық көңілмен,

Қазақ қыздары би билейді .

«Қамажай» биі

— Жарайсындар, балалар.

Тәрбиеші: Ендеше балалар осы мерекеге арналған өлең жолдарын айтайық.

Нұрым:Мамырдың бірі, достық күні

Ән салып, билеген халықтың үні.

Тұтасып, тойлаған ұлттар,

Керемет мереке, мамырдың бірі.

Медина: Бейбітшілік ұраны,
Жарқыраған алтын күн.
Ән қанатты қыраны
Еркіндігі халқымның.

Нұрасыл: Бұзылмасын сәніміз,
Барлық ұлттар бірлесіп.
Қазақстан жерінде,
Жасасын той мереке.

Ислам: Достықты үлгі санаған,
Бір үйде біз тұрамыз.
Қалған ата-бабадан,
Бірлік асыл мұрамыз.

Аяжан: Достық туымыз,
Достық әніміз.
Дос болайық бәріміз,
Жарасып тұр әніміз.

— Балалар сендер достық, ынтымақ туралы қандай мақал – мәтелдер білесіңдер?
Айлин: Ынтымақ болмай іс оңбас,
Бірлік, ынтымақ – байлық, бақ.

Самрат: Ынтымақ түбі – игілік,
Тірлік түбі – бірлік.

Бақдәулет: Бірлік болмай — тірлік болмайды.

Тәрбиеші: Бүгін қызық бүгін той,
Біздер үшін біліп қой.
Ән де салып, би билеп,
Жалғастырсын ойды — ой. — деп ендігі кезегімізді орыс ұлтынан келген биші
қыздарымыздың өнерін тамашалаймыз.
— Ал, балалар күніміз ашық болсын деп елімізге тыныштық тілеп, ортадағы
«Бейбітшілік тақтаға» жүректен шыққан тілектерімізді жинайық.
Балалардың тілектері:
Аспанымыз ашық болсын!
Күніміз жарқын болсын!
Елбасымыз аман болсын!
Көк туымыз биік болсын!

Достық болсын!

Бірлік болсын!

Әрқашан күн сөнбесін!

Бейбітшілік болсын!

Ынтымақ болсын!

Әлемде тыныштық болсын!

-Біздің достығымызды білдіретін «Достық» әнін айтайық.

Тәрбиеші:Елімізде тыныштық болып, бірлігі жарасқан ел болайық, әр кез ынтымақта, достықта болайық! Қазақстанымыздың қуаттылығы мен басымызға қонған бақытымыз бірлігіміздің берекесін арттыра берсін, бейбітшілік мәңгі ажырамас серігімізге айналып, еліміз бен жеріміз, халқымыз аман болсын. Бұл мереке бізбен бірге ғасырларға ұлассын. Бейбіт аспан астында достығымыз нығайып, денсаулығымыз өркендей берсін деген игі тілекпен бүгінгі мерекемізге қатысқандарыңызға рахмет айтамын.



Тақырыбы: «Шынықсаң шымыр боласың!»

Мақсаты: Балаларды спорттық ойындарға деген бейімділігін, денсаулықтарын жаңғырту, спортқа деген қызығушылықтарын арттырып, дене қозғалыстарын жетілдіру. Ұлттық ойындарын насихатау.

Дене шынықтыру жаттығулармен өз бетінше шұғылдануға, этикалық және эстетикалық тәрбие беру.

Жүргізуші:Құрметті асқартаудай әкелер, арқасүйер аталар және де біздің кішкентай ұландар!Сіздерді келе жатқан Ұлы жеңістің 79жылдық мерей тойымен және Отан қорғаушылар күнімен шынжүректен құттықтаймыз. Баршаңызға мықты денсаулық, ұзақ өмір,отбасыларыңызға бақыт, бірлік, береке тілейміз.

Жеңіс күні, Жеңісжыры

Асқақтата шырқалсын.

Ардагерлер қалауы

Мәңгі өшпесін алауы.

Отан қорғаушылар күніне орай, ұландарымызға Көңілді эстафета жарысын ұйымдастырамыз.

Эстафеталық жарыс Шынықсаң шымыр боласын

Жүргізуші: Құрметті балдырғандар, спортшылар! Сіздерді «Шынықсаң шымыр боласын» атты эстафеталық жарысқа қатысуға шақырамыз! Сіздерге зор ден - саулық «жарыста» сәттілік тілейміз. Ортаға жарысқа түсетін үш топты шақырамыз:

№1топ -«Тұлпар» командасы

№2топ -«Жеңіс» командасы

№3топ -«Қыран» командасы

Командалар сәлемдесуі.

«Тұлпар»командасынан жалынды сәлем.

«Жеңіс»командасынан жалынды сәлем!

«Қыран»командасынан жалынды сәлем!

Жүргізуші: Міне, балалар шықты алаңға, Жас спортшылар жеке - жеке команда.

Ал, балалар өздерінді танытындар,

Ептілік, мықтылық, батылдық көрсетіп табанда!

Тақпақ: Дене шынықтыру керек бәрімізге!

Асылым:Жаттығу ырғағы қосылады әніме

Дене шынықтыру жалқаулыққа жол бермей,

Ауру сырқауды жолатпайды тәнімізге!

Ал, қанекей бір - бірімізді қостаймыз,

Бүгінгі жарысымызды бастаймыз.

«Жеңіске»жетеміз деп

Жалынды ұран тастаймыз.

Жүргізуші: «Алақай»деген ұранды ортаға біз тастаймыз.

Жарысымызды денені қыздырудан бастаймыз.

Эстафета 5этаптан тұрады:

1 - этап «Кім жылдам?»

Шарты: Теннис таяқшасымен допты тез алып жылдам келу.

2 - этап: «Дәлдеп түсіру»

Шарты: Корзинаға допты дәлдеп түсіру

3 - этап: «Арқан тартыс»

Шарты: Топ тобымен бөлініп жіпті тартады.

4этап: «Тез қимылда»

Шарты: бірінші бала допты шеңберге қою, екінші бала допты алып келу.

5 - этап: «Капитандар жарысы»

Шарты:Жаяу тартыс екі капитан беліне арқан байлап тартады.

Жүргізуші: Бүгін міне, оң болып әр ісіміз,

Жоғары боп күш жігер намысымыз.

Осылайша қуанышпен думандатып,

Аяқталды халайық жарысымыз!

Қатысқан бүлдіршіндерімізге рахмет. Келіп тамашалағандарыңызға көп - көп рахмет. Қош сау болыңыздар.



Тақырыбы: « Ерлік - елге мұра»

Мақсаты: 9 Мамыр -Жеңіс күні Жас ұрпақты бейбітшілікті сақтауға және нығайтуға, өз Отанын сүйуге, Отанымыздың саясатын қолдауға, ерлікке, адал, батыл болуға тәрбиелеу,

Тәрбиеші: - Құрметті балалар , бүгінгі «Ерлік- елге мұра » атты тәрбие сағатымызды бастаймыз.

Тәрбиеші: Соқ, жасұлан, соқ қуатпен,
Соқ, солқылдат барабанды.

Жылда есіңе ал шабытпен,
Жеңіс үшін аққан қанды.

Ислам:

Ұмытпа сен, елімізге,
Бақыттегінкелмеген.

Ұмытпа сен, елімізге,
Бақыттегінкелмеген.

Бақдәулет:

Дәл осынау жадыраңқы жай күні,
Болсадағы қай ғасырдың қайжылы.

Ұлы Отаным басымды иіп бір минут
Есіңе алмақ сол бір апа қайғыны.

Тәрбиеші : - 1941 жылы 22-маусым күні таң шапағы жаңа ғана арайланып келе жатқан кезде елімізге қауіп төнді. Халқымыз адам айтқысыз қиын- қыстау кезеңге душар болды. Фашистік Германия елімізге опасыздықпен басып кірді.

Медина:

Бұлт түнеріп аспаннан,
Талай көзден жас тамған.

Тұтқиылдан жау тиіп,
Қырғын соғыс басталды.

Аяжан:

Отаным еркелеймін енді кімге,
Өзіңмен нені болса көрем бірге.
Қалай қабырғама батпас менің,
Басыңа қатер бұлтды төнген күнде.

Аңсағаным:

Көп қой батыр ағалар,
Халық сүйіп бағалар.
Көп қой батыр ағалар.
Жаттап алғын балалар.
Болашақты бізге мирас етем деп,

Қыршын кетті Әлия, Мәншүк апалар.

Тәрбиеші: - Фашизмнің ордасы Рейхстаг қазақ жігіті, лейтенант Рахымжан Қошқарбаев Қызыл ту тікті! Тәрбиеші: - Ия, оны сан миллиондаған адамдар төрт жыл бойы минуттап, сағаттап, сарыла күтті емес пе? Ақыры, олардың үмітімен сенімі ақталды. Бірақ сол жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында Отан үшін от кешіп миллиондаған асыл азаматтар мерт болды.

Біздің Қазақстанда да соғыс оты шарпымаған шаңырақ кем де кем. Жауға қарсы атылған он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды. Осы қан майданда мерт болған ерлердің рухына, біздің арамызда асқар таудай болып жүрген ата – апаларымызды, олардың ерлік істерін ешкім де, ешқашан да ұмытпауға тиіс.

